

## Кәсіби және психологиялық іріктеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 1060 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 26 желтоқсанда № 19762 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткери қағидаларының 27-тармағы негізінде БҰЙЫРДАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Кәсіби және психологиялық іріктеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрі

*H. Ермекбаев*

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрінің  
2019 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ 1060 бұйрығымен  
бекітілген

## Кәсіби және психологиялық іріктеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидалары

1. Кәсіби және психологиялық іріктеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25

мамырдағы № 124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Құштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткери қағидаларына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Қарулы Құштеріне (бұдан әрі – Қарулы Құштер) келісімшарт бойынша әскери қызметке қосылу үшін мамандарды жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Қесіби және психологиялық іріктеуді қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің және әскери бөлімдердің (мекемелердің) психологиялық жұмыс мамандары жүргізеді.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.12.2022 № 1247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Қесіби және психологиялық іріктеу психологиялық тексеруді және әлеуметтік-психологиялық зерделеуді қамтиды.

4. Психологиялық тексеру кандидаттардың зияткерлік даму деңгейін, әскери қызмет өткеруге психологиялық жарамдылығын, қесіби және жеке басының қасиеттерін (бұдан әрі – қесіби тұрғыдан маңызды қасиеттер) психологиялық тестілеу әдісімен зерделеуді көздейді.

5. Психологиялық тексеру барысында мынадай міндеттер шешіледі:

- 1) зияткерлік қабілеттілік деңгейін айқындау;
- 2) оқи, жаза және өз ойын білдіре білуін тексереп отырып, ақыл-ой кемістігінің белгілерін анықтау;

3) өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті, оның ішінде тұқым қуалайтын өзіне-өзі қол жұмсау белгісін анықтау;

4) жүйке-психикалық тұрақсыздық белгісін анықтау;

5) лауазымдық және функционалдық құзыретті орындау үшін қойылатын талаптарға сәйкес кандидаттың жеке басының басқа да қасиеттері мен ерекшеліктерін анықтау;

6) ойынқұмарлық белгісін анықтау;

7) қаржылық проблеманы және кредиттік ұйымдарға шамадан тыс тәуелділікті анықтау (ресми кредиттік тарихын зерделеу).

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.12.2022 № 1247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Әлеуметтік-психологиялық зерделеу жеке тұлғаны тәрбиелеу және дамыту жағдайларын, оның әскери-қесіби бағыттылығын, моральдық және жігерлік қасиеттерін, қарым-қатынас ерекшеліктерін бағалауды көздейді және психологиялық тексеру нәтижелерін растау мақсатында жүргізіледі.

Әлеуметтік-психологиялық зерделеу құжаттарды зерделеу, жеке әнгімелесу және байқау әдістерімен жүргізіледі.

7. Кәсіби және психологиялық іріктеу нәтижелері бойынша кандидаттың кәсіби түрғыдан жарамдылығы туралы мынадай қорытындылардың бірі шығарылады:

1) "ұсынылады", осы санатқа жататын кандидаттар кәсіби түрғыдан маңызды қасиеттерінің даму деңгейі бойынша әскери-кәсіби қызметтің талаптарына толық немесе негізінен сәйкес келеді;

2) "ұсынылмайды", осы санатқа жататын кандидаттар кәсіби түрғыдан маңызды қасиеттерінің даму деңгейі бойынша әскери-кәсіби қызметтің талаптарына сәйкес келмейді.

8. Кәсіби және психологиялық іріктеу (зерделеу) нәтижелері кандидаттың жеке ісіне қоса тіркелетін психологиялық іріктеу (зерделеу) картасында көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК